**Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы ережені бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 4 желтоқсан N 1242. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.06.19. N 836 қаулысымен. ~P010836

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақ ССР-інде ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 1991 жылғы 22 қазандағы N 624 қаулысының (Қазақ ССР-інің ҚЖ, 1991 ж, N 23, 173-құжат) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
4 желтоқсандағы
N 1242 қаулысымен
бекітілген

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында әзірленді және Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға өтініш берген жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың жалпы тәртібін белгілейді.
<*>

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.

P990819_

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

1-Бөлім. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық жұмыстарға жалпы қол жетерлік, әдетте арнаулы кәсіби даярлықты талап етпейтін және қолы бос адамдар мен жұмыссыздар (бұдан әрі - азаматтар) орындайтын уақытша еңбек қызметінің түрлері жатады.
<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

2. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың екінші абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

3. Коммуналдық меншіктегі ұйымдардағы қоғамдық жұмыстар шартты негізде жүргізіледі.
<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

4. Қоғамдық жұмыстар жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмыспен және уақытша табыспен (еңбек табысымен) қамтамасыз етуге тиіс. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен. P000443_

5. Қоғамдық жұмыстар, әдетте мынадай түрлерге бөлінеді:

1), 2). <*>

3) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының ұйымдарына қалалардың, елді мекендердің, өнеркәсіп орындарының тазалығына көмек көрсету;

4) жол салу және жөндеу, су құбыры, газ, канализация және басқа коммуникацияларды жүргізу, сондай-ақ осы жұмыстар үшін қажетті құрылыс тастарын, қиыршық тастарды, құм, қамыс тақталарын дайындау;
<*>

5) суару жұмыстарын жүргізу;

6) тұрғын үйлерді, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді, салуға, қайта жаңарту мен күрделі жөндеуге қатысу;

7) тарихи-сәулет ескерткіштерін, кешендерін және қорықтық аймақтарды қалпына келтіру;

8)

<*>

9)
<*>

10) аймақтарды экологиялық сауықтыру (аумақтарды көгалдандыру және көріктендіру, орман паркі шаруашылығын, демалыс және туризм аймақтарын сақтау және дамыту);
11)
<*>

12) мәдени мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, балалар спорт алаңдарын жасау және т.с.с); ұйымдастыруда көмек;
13) республикалық және аймақтық қоғамдық науқандарды (қоғамдық пікірді сұрау, халық санағы) өткізуге қатысу;
14)
<*>

15)
<*>

16) қосалқы шаруашылықтары бар коммуналдық меншіктегі ұйымдарда мал семірту, мал төлін жетілдіру, мал бағу және күзету, мал азығын дайындау және онымен мал шаруашылығын қамтамасыз ету жөніндегі маусымдық қысқа мерзімді алаңдар мен жазғы лагерьлер, суда жүзетін құстарды өсіру жөніндегі пункттер;
<*>

16-1) жұмыстың басқа да түрлері;
<*>

17)-28).
<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді және 1),2),8),9),11),14),15),17),18),19), 20),21),22), 23),24),25),26),27),28) тармақшалары алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.

P000443_

2-Бөлім. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі

6. Жергілікті атқарушы органдар ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі шараларды қамтитын жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді.
<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

7. Қоғамдық жұмыстардың басым бағыттары мыналар негізінде айқындалады:
1) аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдай;
2) аймақтық еңбек рыногына талдау жасау;
3) қоғамдық жұмыстарға қатысуға сұраныс пен ұсынысты анықтау;
4) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін кадрларға мұқтаж болып отырған ұйымдардың деректер банкін құру.
8. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысушы тараптардың қарым-қатынастары шарттарымен реттеледі.

3-Бөлім. Азаматтарды қоғамдық жұмыстарға жіберу

9. Азаматтарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.
<*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

10.
<*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.

P000443_

11. Жұмыссыз азаматтар қоғамдық жұмыстарға тек өздерінің келісімімен ғана қатыстырылады.
<*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

12.
<*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

13.
<*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

## 4-Бөлім. Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру тәртібі

14. Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру жергілікті бюджеттің қаражаты

есебінен жүргізіледі.
<*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

15. Жергілікті бюджеттің қаражаты коммуналдық меншік кәсіпорындарында, ұйымдастырылатын, қоғамдық жұмыстардың ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларында және аумақтардың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларында айқындалатын көлемде қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру үші тартылады.
<*>

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

## 5-Бөлім. Қоғамдық жұмыстармен айналысатын азаматтардың еңбегіне ақы төлеу

16. Қоғамдық жұмыстармен айналысатын жұмыссыздардың еңбегіне ақы төлеу заң актілерінде белгіленген ең төмен айлық жалақыдан кем емес мөлшерде белгіленеді.
<*>

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

17.
<*>

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

17-1. Қоғамдық жұмыстармен айналысатын жұмыссыздардың еңбегіне ақы төлеудің тәртібін жергілікті атқарушы органдар белгілейді.
<*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

18.
<*>

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

19.
<*>

20.
<*>

ЕСКЕРТУ. 19, 20-тармақтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.

P000443_

6-Бөлім. Қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуын есепке алу, есептілік және бақылау

21. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырған кезде:
<*>

1) қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыз азаматтардың есебін жүргізеді;
2)
<*>

2-1)
<*>

3) қоғамдық жұмыстар бойынша статистикалық айлық, жартыжылдық, жылдық есептілікті жүргізеді;
4)
<*>

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді және 2-1)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен.
P990819_

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 наурыздағы N 443 қаулысымен.
P000443_

22. Шарттардың ережелерінің сақталуын бақылауды Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның инспекциясы, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдар заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. <*>

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.22. N 819 қаулысымен. P990819_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК